

Текелі қалалық мәслихатының "Текелі қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" 2024 жылғы 26 ақпандағы № 14-74 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Текелі қалалық мәслихатының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 41-170 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 30 желтоқсанда № 37757 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Текелі қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Текелі қалалық мәслихатының "Текелі қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" 2024 жылғы 26 ақпандағы № 14-74 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 166-19 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Текелі қалалық мәслихатының төрағасы

Б. Тугулбаев